ИСАТАЙ АУДАНЫ НАРЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

АКИМ НАРЫНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ИСАТАЙСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

2026 жылғы «15» қаңтар № 5

Нарын селосы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№_____«___»_____20___г

село Нарын

Мемлекеттік сатып алуды тікелей шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен өткізу туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 506,507 тармақтарына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Заңның 16 бабының 3 тармағының 1 тармақшасына сәйкес елді мекеннің ауыл шаруашылығы қажеттілігі үшін канал суымен қамтамасыз ету қызметтері бойынша Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Табиғат» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен келісім шарт жасалсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алудың тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілін қолдану үшін қажетті барлық әрекеттерді орындау тапсырылсын.

3. Өкімнің орындалуын қадағалау және Заңның 5 бабының 1 тармақшасының 1). 4). 6). 7) тармақшаларына сай жауапкершілікті өзіме қалдырамын.

Нарын ауылдық округінің әкімі **А.Абуов**